

## Қазығұрт ауданы, Шарапхана ауыл округі, Шарапхана елді мекенінің шекарасын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 42/286-V шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 3 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 мамырда № 3170 болып тіркелді Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, ауданның ауылшаруашылығы және жер қатынастары мен құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің бірлескен ұсынысы негізінде Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазығұрт аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазығұрт ауданы, Шарапхана ауыл округі, Шарапхана елді мекенінің шекарасы 345,03 гектарға ортақ пайдаланудағы жайылым 3,0 гектар жер қосылып, елді мекеннің аумағы 348,03 гектарға ұлғайтылып өзгертілсін.
2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудан әкімі  
Аудандық мәслихат  
хатшысының қызметін  
уақытша атқарушы*

*Н.Кадыров  
Б.Кыстауов  
Ж.Карабеков*